

Байқоңыр қаласының білім беру ұйымдарының мүлкін республикалық меншіктен Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 914 қаулысы

"Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Байқоңыр қаласының білім беру ұйымдарының мүлкі заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық меншіктен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Байқоңырбаланс" мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті осы қаулыға қосымшада көрсетілген Байқоңыр қаласының білім беру ұйымдарының мүлкін қабылдау-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2016 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 914 қаулысына
қосымша

Республикалық меншіктен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Байқоңырбаланс" мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне берілетін Байқоңыр қаласының білім беру ұйымдары мүлкінің тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Мүліктің мекенжайы	Пайдалануға берілген жылы	Өлшем бірлігі	Алаңы не ұзындығы	Білім беру ұйымының атауы
1	2	3	4	5	6	7
1	Ғимарат	Қызылорда облысы,	1961	ш.м.	4613	"К.Э. Циолковский атындағы жалпы білім беретін № 2 орта мектеп" мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі
2	Қоршау	Байқоңыр қаласы, Шубников көшесі, 11	1961	кума метр	623,3	
3	Ғимарат	Қызылорда облысы,	1968	ш.м.	5468	

4	Қоршау	Байқоңыр қаласы, Горький көшесі, 23	1968	қума метр	459,8	"Абай Құнанбаев атындағы жалпы білім беретін № 5 орта мектеп" мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі
5	Төрт қабатты ғимарат	Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Бейбітшілік көшесі, 6	1970	ш.м.	6750,6	"Мұхтар Әуезов атындағы жалпы білім беретін № 6 орта мектеп" мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі
6	Екі қабатты ғимарат		1970			
7	Қоршау		1970	қума метр	623,3	
1	2	3	4	5	6	7
8	Ғимарат	Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, 5-шағын аудан, 11а	1985	ш.м.	9622,1	"Ю.А. Гагарин атындағы жалпы білім беретін № 8 орта мектеп" мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі
9	Жапсарлас құрылыс		1970	ш.м.	251,9	
10	Қоршау		1973	қума метр	569,5	
11	Ғимарат	Қызылорда облысы,	1991	ш.м.	4239,3	"Жалпы білім беретін № 11 бастауыш мектеп" мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі
12	Қоршау	Байқоңыр қаласы, 7-шағын аудан, 27а	1967	қума метр	435	